АДАМ. ҚОҒАМ.ЗАҢ.

АЗАМАТ ҚҰҚЫҒЫ – басты назарда

АҒЫМДАҒЫ ЖЫЛДЫҢ 9 АЙЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ІСТЕРІ АГЕНТТІГІНІҢ МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САПАСЫН АРТТЫРУ, АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ ЖӘНЕ АНЫҚТАЛҒАН КЕМШІЛІКТЕРДІҢ АЛДЫН АЛУ БАҒЫТЫНДА ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫСТАР ЖҮРГІЗДІ. ЕСЕПТІ КЕЗЕҢДЕ 22 БАҚЫЛАУ ІС-ШАРАСЫ ӨТКІЗІЛІП, 20 321 ЗАҢ БҰЗУШЫЛЫҚ АНЫҚТАЛДЫ. МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША 126 ТҮСІНДІРУ ІС-ШАРАСЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛЫП, ҚОҒАМДЫҚ МОНИТОРИНГ ПЕН ЦИФРЛЫҚ КЕРІ БАЙЛАНЫС ТЕТІКТЕРІ ҚОЛДАНЫЛДЫ. СОНЫМЕН ҚАТАР МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ПРОЦЕСТЕРІН ЖЕТІЛДІРУ БОЙЫНША 30 БАСТАМАШЫЛЫҚ ҰСЫНЫС ӘЗІРЛЕНДІ. ДЕПАРТАМЕНТТІҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТЫ – АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ, МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫ МЕН ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРҒА ДЕГЕН СЕНІМІН НЫҒАЙТУ.

Осы орайда атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттер туралы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы Тоқтамыс Жұмағұловпен сұхбаттасқан едік.

– Тоқтамыс Қадошұлы, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру және азаматтардың құқықтарын қорғау бағытында биылғы жылдың тоғыз айында қандай жұмыстар атқарылды?

– Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру және азаматтардың құқықтарын қорғау – департамент жұмысының негізгі бағыттарының бірі. Біздің басты міндетіміз – мемлекеттік қызметтердің заң талаптарына сәйкес көрсетілуін қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтарының бұзылуына жол бермеу және анықталған кемшіліктердің алдын алу. 2026 жылдың 9 айында мемлекеттік қызмет көрсету саласында 22 бақылау іс-шарасы жүргізіліп, нәтижесінде 20 321 заң бұзушылық анықталды. Тиісті шаралар қабылданып, әкімшілік құқық бұзушылық туралы 37 хаттама толтырылды. Салынған айыппұлдардың жалпы сомасы 2 миллион 335 мың теңгені құрап, толық өндірілді. Бұл көрсеткіштер бақылау жұмыстарының маңыздылығын көрсетеді. Сонымен бірге біз үшін заң бұзушылықтарды анықтау ғана емес, олардың қайталануына жол бермеу де маңызды.

– Азаматтардың өтініштерімен жұмыс жүргізу барысында қандай мәселелерге басымдық беріледі?

– Әрбір өтініш азаматтың нақты мәселесі мен мемлекеттік органға деген сенімінің көрінісі. Сондықтан өтініштерді қарау кезінде заңдылық, объективтілік және азаматтардың құқықтарын қорғау қағидаттарын басшылыққа аламыз. Есепті кезеңде мемлекеттік қызметтердің сапасына қатысты 16 өтініш тексеру арқылы қаралды. Бұдан бөлек, 67 өтініш бойынша тексеру жүргізілмей, тиісті жауап берілді. Өтініштерді талдау мемлекеттік қызмет көрсету кезінде туындайтын өзекті мәселелерді анықтауға, олардың себептерін зерделеуге және тиісті шаралар қабылдауға мүмкіндік береді.

– Мемлекеттік қызметтердің сапасын бағалауда қоғамдық мониторингтің рөлі қандай?

– Қоғамдық мониторинг – мемлекеттік қызмет көрсету процесін азаматтардың көзімен бағалауға мүмкіндік беретін тиімді құрал. Оның аясында мемлекеттік қызмет көрсету орындарындағы жағдай, қызмет алушыларға жасалған қолайлы жағдайлар және қызмет көрсету тәртібінің сақталуы зерделенеді. Мониторингке ведомствоаралық жұмыс тобының мүшелері, облыстық және қалалық мәслихат депутаттары, сондай-ақ қоғам белсенділері қатысады. Бұл анықталған мәселелерді ашық талқылауға, ұсыныстар әзірлеуге және мемлекеттік органдардың жауапкершілігін арттыруға ықпал етеді.

– Азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру бағытында қандай жұмыстар жүргізілуде?

– Азамат өз құқықтарын және мемлекеттік қызметтерді алу тәртібін жақсы білген жағдайда, туындаған мәселені уақытылы көтеріп, заңды жолмен шешуге мүмкіндік алады. Сондықтан түсіндіру жұмыстарына ерекше мән береміз. 2026 жылдың 9 айында мемлекеттік қызметтер мәселелері бойынша 126 түсіндіру іс-шарасы өткізілді. Сонымен қатар «Елге қызмет» арнайы телебағдарламасының 13 жобасы жарық көрді. «Ең алдымен адамдар» арнайы оқу бағдарламасы аясында 3 семинар ұйымдастырылып, 59 тыңдаушы қамтылды. Бұдан бөлек, «Қызмет алушылар күні» екі рет өткізіліп, 140 азаматқа мемлекеттік қызметтерді алу тәртібі мен өз құқықтары туралы түсіндірілді. Мұндай шаралар азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыруға және мемлекеттік органдармен өзара байланысты нығайтуға бағытталған.

– Қазіргі таңда цифрлық технологиялар азаматтармен байланыс орнатудың маңызды құралына айналды. Осы бағытта қандай мүмкіндіктер қарастырылған?

– Қазіргі уақытта цифрлық технологиялар азаматтармен жедел байланыс орнатудың маңызды тетігіне айналды. Осы бағытта 2024 жылғы сәуір айынан бастап «EgovKzBot2.0» Telegram-бот платформасы жұмыс істейді. Аталған платформа арқылы азаматтар өз мәселелерін жолдап, қажетті түсіндірмелер ала алады. 2026 жылдың бірінші жартыжылдығында бот арқылы 50 жолданым келіп түсті. Олардың барлығы бойынша тиісті түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Цифрлық арналардың артықшылығы – азаматтардың өтініштерін жедел қабылдап, оларды толғандырған мәселелерді анықтауға мүмкіндік беруінде.

– Мемлекеттік қызмет көрсету процестерін жетілдіру бойынша қандай бастамалар қолға алынды?

– Мемлекеттік қызмет сапасын арттыру үшін қолданыстағы процестерді үнемі талдап, азаматтарға қолайсыздық туғызатын мәселелерді анықтау қажет. Осы мақсатта бизнес-процестерге талдау жүргізіліп, 30 бастамашылық ұсыныс әзірленді. Оның 9-ы құқықтық реттеуді жетілдіруге, 12-сі автоматтандыру мен техникалық мүмкіндіктерді дамытуға, ал 9-ы мемлекеттік қызмет көрсету процестерін жақсартуға бағытталған. Бұл ұсыныстардың негізгі мақсаты – қызмет көрсету рәсімдерін оңтайландыру, артық кедергілерді азайту және азаматтар үшін мемлекеттік қызметтерді барынша қолжетімді ету.

– Алдағы кезеңде қандай міндеттерге басымдық берілмек?

– Алдағы уақытта да мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылау, азаматтардың өтініштерінде көтерілген мәселелерді зерделеу, қоғамдық мониторингті дамыту және құқық бұзушылықтардың алдын алу бағытындағы жұмыстарды жалғастырамыз. Сонымен қатар түсіндіру жұмыстарын күшейтіп, цифрлық құралдардың мүмкіндіктерін тиімді пайдалануға және мемлекеттік қызмет көрсету процестерін жетілдіруге басымдық береміз. Біздің ұстанымымыз – азаматтың мәселесіне бейжай қарамау, оның құқығын қорғау және сапалы мемлекеттік қызмет көрсетуге ықпал ету. Өйткені мемлекеттік орган жұмысының басты нәтижесі – халықтың сенімі мен азаматтардың құқықтарының нақты қорғалуы.

АДАЛДЫҚ – АДАМДЫҚТЫҢ НЕГІЗІ

АДАЛДЫҚ – АДАМ БОЙЫНДАҒЫ ЕҢ АСЫЛ ҚАСИЕТТЕРДІҢ БІРІ. ОЛ АР-ҰЯТПЕН, ЖАУАПКЕРШІЛІКПЕН ЖӘНЕ ӘДІЛДІКПЕН ТЫҒЫЗ БАЙЛАНЫСТЫ. АЛ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚОҒАМНЫҢ ДАМУЫНА КЕДЕРГІ КЕЛТІРІП, АДАМДАР АРАСЫНДАҒЫ СЕНІМДІ ӘЛСІРЕТЕДІ. СОНДЫҚТАН ОНЫМЕН КҮРЕСУ – ӘР АЗАМАТТЫҢ МІНДЕТІ.

Менің ойымша, жемқорлықтың алдын алу әр адамның күнделікті әрекетінен басталады. Біреудің еңбегін иемдену, таныстық арқылы артықшылыққа ұмтылу, әділетсіз жолмен жетістікке жету – адалдыққа қайшы әрекеттер. Әр адам өз ісіне жауапкершілікпен қарап, әділдікті ұстануы керек.

Бұл қасиеттер ең алдымен мектеп қабырғасында қалыптасады. Оқушының адалдығы бақылау жұмысында дайын жауапты көшірмеуінен, өз біліміне сенуінен, қателігін мойындауынан көрінеді. Сондықтан сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбиені мектептен бастау маңызды. «Адалдық апталығы», пікірталас, шығармашылық жобалар мен өмірде кездесетін келеңсіз жағдайларды талқылау оқушыларды әділ шешім қабылдауға үйретеді.

Сонымен қатар «Адал оқушы» бастамасы арқылы жастар арасында жауапкершілік, әділдік және өзгенің еңбегін құрметтеу мәдениетін қалыптастыруға болады. Бұл іске отбасы да белсенді атсалысуы тиіс. Өйткені бала ата-анасының іс-әрекетінен үлгі алады.

Мен болашақта қай салада еңбек етсем де, жетістікке біліммен, табандылығыммен және адал еңбегіммен жеткім келеді. Себебі таныстық пен пара арқылы алынған мүмкіндік өзгенің құқығын шектеуі мүмкін.

Қорыта айтқанда, жемқорлықсыз қоғам құру бір күнде жүзеге аспайды. Ол әр адамның әділ шешімінен, адал еңбегінен және жауапкершілігінен басталады. Бүгінгі оқушы – ертеңгі ел азаматы. Сондықтан адалдықты бала кезден бойға сіңіру – жарқын болашақтың кепілі.

Қобылан ҚЫДЫРӘЛІ,
М.Атымов атындағы мектептің
11-сынып оқушысы.

МАҢҒЫСТАУ АУДАНЫНЫҢ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 104-бабының 6-1 тармағының 1) тармақшасына сәйкес бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша Маңғыстау аудандық мәслихатының депутаттығына тіркелген кандидаттар туралы

Х А Б А Р Ы

№	Тегі, аты, әкесінің аты	Туған жылы	Жұмыс орны, лауазымы	Тұрғылықты жері	Кім ұсынды
№1 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
1	Ешбай Әлішер Сайлауұлы	1999	«Маңғыстау аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі» ММ статисі	Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Шетпе ауылы	Өзін-өзі ұсыну арқылы
2	Ниязбек Бақытбек Жауымбайұлы	1986	Жеке кәсіпкер	Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Шетпе ауылы	«ӘДІЛЕТ» партиясы
3	Әділов Бекдос Бекайдарұлы	1998	«Шоқыр Бөлтекұлы атындағы БЖСМ» КММ оқу ісі жөніндегі орынбасары	Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Шетпе ауылы	Өзін-өзі ұсыну арқылы
№3 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
4	Төребай Максим Мырзағұлұлы	1998	«Ш.Бөлтекұлы атындағы БЖСМ» КММ бапкері	Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Шетпе ауылы	«ӘДІЛЕТ» партиясы
№4 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
5	Қабиев Ерболат Бергенұлы	1994	Уақытша жұмыссыз	Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Шетпе ауылы	Өзін-өзі ұсыну арқылы
6	Аймұратұлы Дәулет	2000	«Транстелеком» АҚ Сайөтес ЛҚБ бастығы	Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Шетпе ауылы	Өзін-өзі ұсыну арқылы
№5 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
7	Қайлыбаев Азамат Қайратұлы	1995	«Шоқыр Бөлтекұлы атындағы БЖСМ» КММ жаттықтырушысы	Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Шетпе ауылы	Қазақстан Халық Партиясы
8	Қамидоллаев Мыңжан Ерсұлтанұлы	2005	«Маңғыстау ауданы әкімінің аппараты» ММ инспекторы	Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Шетпе ауылы	Өзін-өзі ұсыну арқылы
9	Қуанов Мәди Әлібекұлы	2003	«Ш.Бөлтекұлы атындағы БЖСМ» КММ жаттықтырушысы	Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Шетпе ауылы	«ӘДІЛЕТ» партиясы
№6 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
10	Амангелдин Эльдар Қайратұлы	1999	«Маңғыстау аудандық жастар ресурстық орталығы» КММ директоры	Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Шетпе ауылы	Өзін-өзі ұсыну арқылы
11	Ерсұлтанов Диас Сейфуллаұлы	2003	«Маңғыстау техникалық колледж» МКҚК оқытушысы	Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Шетпе ауылы	Өзін-өзі ұсыну арқылы
№7 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
12	Әуелбаев Әділ Әбдісламұлы	2000	«Шоқыр Бөлтекұлы атындағы БЖСМ» КММ жаттықтырушысы	Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Шетпе ауылы	Өзін-өзі ұсыну арқылы
№8 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
13	Құлыбеков Майқы Байронұлы	1999	«Қызан ауылы әкімнің аппараты» ММ бас маманы	Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Қызан ауылы	Өзін-өзі ұсыну арқылы
14	Калиева Агимаш Тыныштыковна	1987	«Ақшымырау ауылы әкімінің аппараты» ММ жетекші маманы	Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Қызан ауылы	Өзін-өзі ұсыну арқылы
№9 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
15	Енсепов Суиндик Орналиевич	1986	«Бозашы Транс Құрылыс» ЖШС жүргізушісі	Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Ұштаған ауылы	«Ауыл» партиясы
16	Жетібаев Нұрбол Ерланұлы	1998	«Маңғыстау аудандық мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ статисі	Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Шетпе ауылы	Өзін-өзі ұсыну арқылы
17	Маңғыбаев Мағжан Кендебайұлы	1997	«Онды ауылдық округі әкімнің аппараты» ММ статисі	Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Онды ауылы	«ӘДІЛЕТ» партиясы
№10 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
18	Есбосын Мерей Табиғатұлы	1997	«Таза Маңғыстау» МКК маманы	Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы	Өзін-өзі ұсыну арқылы
19	Мухамеденова Айсауле Карасаевна	1985	«Отпан ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ бас маманы	Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Тұщыбек ауылы	Өзін-өзі ұсыну арқылы
№11 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
20	Рахметов Амангелды Хабидоллаевич	1984	Сайөтес ауылдық мәдениет үйінің меңгерушісі	Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Сайөтес ауылы	Өзін-өзі ұсыну арқылы
21	Аятбергенова Гульнара Темировна	1978	«Өтес жалпы білім беретін мектеп» КММ директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары	Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Сайөтес ауылы	Өзін-өзі ұсыну арқылы
22	Кулбаев Бакытжан Мадениетович	1982	«Дария» МКК операторы	Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Сайөтес ауылы	«ӘДІЛЕТ» партиясы
№12 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
23	Сүбіханов Әзімбек Сауытұлы	1992	Шайыр мәдениет үйінің әдіскері	Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Шайыр ауылы	«ӘДІЛЕТ» партиясы
24	Аманқосова Әйгерім Есембетқызы	1996	«Өрлеу» МКҚК бөлім басшысы	Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Шетпе ауылы	Өзін-өзі ұсыну арқылы
25	Бекмағұлов Нұркен Бигалиұлы	1995	«Шоқыр Бөлтекұлы атындағы БЖСМ» КММ жаттықтырушысы	Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Шетпе ауылы	Өзін-өзі ұсыну арқылы

ТАҒЫЛЫМ

БАЙЫРҒЫНЫ ТЫҢДАП, БҮТІНГІГЕ АЙТТЫРСАҢ ДА, ӨЗІМІЗДЕН НЕМЕСЕ ӨЗГЕДЕН СҰРАСАҢ ДА - МАҢҒЫСТАУ КИЕЛІ ӨЛКЕ. ӨЗІМІЗ МЕРЕЙЛЕНЕ АЙТАМЫЗ БҰЛ ТУРАЛЫ, БІРЕУЛЕР ҚҰРМЕТТЕЙ ТІЛ ҚАТАДЫ, ТІПТІ, РЕТІ КЕЛГЕН ЖЕРІНДЕ МІНЕП-СЫНАП ҚАЛАТЫНДАР ДА ЖОҚ ЕМЕС. ДЕМЕК, КӘРІ КАСПИЙДІҢ МАҢҒАЗ КӨРШІСІ МАҢҒЫСТАУ ЕЛ НАЗАРЫНДАҒЫ ЖЕР. ӨЛКЕ ҚАРАБАЙЫР БОЛСА - БҰЛ ЖЕРДІ 362 ӘУЛИЕ МӘҢГІЛІККЕ МЕКЕН ЕТЕР МЕ ЕДІ?

Сыбызғышы Тай ата

(Тай Даңұлының туғанына 275 жыл)

Тағдыр тарихтың алмағайып сәтінде Сауран айнала көшкен Адай еліне Маңғыстауды қоныстануды бұйыртты. Тектілігі мен тентектігі жағынан Маңғыстау табиғатына ұқсас келгендіктен бе, ел мен жер етене қабыса түсті. Бұл жақындық түбек төсінде дүлей ерлер мен сүлей ұлдарды туғызды. Қысқасы, Маңғыстаудың құнарлы топырағы-құтты құрсағы «Алтын айдарлы ұлдардың» ақ бесігіне айналды.

Өлкемізде сирек кездесетін сыбызғы өнерінің бірден-бір шебері Тай Даңұлының Ұлы қырдағы Күйкен тауының басынан сызылтқан сыбызғысы мен ара-тұра да әуелеткен дауысы ойдағы елге естілетіндігі ел арасында аңыз боп тараған. Жел болмаса шөптің басы қимылдамайтындығын ескерсек, бұл өз заманынан жеткен, Тай атаның көзін көріп, өнеріне бас иген жұрттың әңгімесі, яғни оның астарынан қандай да бір ақиқат іздеуге болады. Тай ата заманында Маңғыстау аймағына танымал әйгілі сыбызғышы атанып өткен. Көшпелі көне Маңғыстауда ұстап-тұтуға икемді, күнделікті қолдануға ыңғайлы музыкалық сыбызғы аспабы ойнау дәстүрі малшылар арасында кеңінен өркен жайған. Табынның соңында, отардың шетінде тілсіз табиғатпен сыбызғы үнінде сырласқандар оны құраған қамыс, қурай өзегінен, түрлі ағаш бұтақтарынан бабына келтіре жасап алған. «Дайындалуы аса күрделі емес, көп қиындық келтірмейтін, үш ойықты болып келетін сыбызғыны құбылтуда Тай Даңұлының, Айтуған Тайұлының есімдері жиірек аталады. Алайда, ол тек сөз жүзінде ғана беріге жетті.» («Өскен орда» кітабынан, Алматы. «Зерде» баспасы, 2003жыл.)

Тайдың әкесі Даң ата ол Шоңайдың немересі еді, Даң атадан өрбіген он екі ұл баланың алтыншысы болып табылады және үстіміздегі 2026 жылы туғанына 275 жыл толатындығы белгілі болып отыр. Бұрын баспасөз басылымдарының бірде-бірінде, не ата-баба шежірелерінде нақты туылған жылы жазылмаған десек, онда бұл дерек қайдан шықты деген жөнді сұрақ туындайды?! Мінеки, біз осыған шамамызша жауап беріп көрейік. Біріншіден, Тай атаның туған тетелес ағасы Құнан Даңұлының Жыңғылды ауылы жанындағы Сарытөбе қауымдығының басында орнатылған құлпытасында туған жылы 1749 деп, өмірден өткен жылы 1848 деп жазылыпты. Осыдан бізге нақ керегі туған жылы, олай болса оның тете інісі Тай атаның туылған жылын 1751-і жыл деп жобалауға толық негіз бар. Екіншіден, Тай атаның үшінші кенже баласы Айтуғанның өмірге келген уақыты бұрыннан 1801 жылғы делініп есептелінуі бойынша, Ақтаудағы Абай мәдениет сарайында 220 жылдығы 2021 жылдың желтоқсанында өткізіліп еді, облыстық телеарнаның ұйымдастыруымен ұрпақтарын қатыстырып кездесулер өтті. Осы айтылған мерзімдерді қаперге алар болсақ әкелі-балалы аталардың жас айырмашылығы 50-ге теңеседі, яғни бұл көрсеткіш жобаға келеді деген сөз. Олай болса өнерпаз Тай атаның туған жылын 1751 жыл деуге толық негіз бар дей аламыз. Енді осы атаның кім болғандығына тоқталып өтейік. Оны өнер адамы екендігін жоғарыда жазғанбыз, бұдан басқа ел есінде батырлығы да қалған екен делінеді. Ия, дегенде қайсыбір аңыздарда Тай атаны жастық шағында өжет әрі ержүрек тұлғаға теңестіріп суреттейді. Онда ол он жеті жасар жастық шағында ауылдағы әкесінің ақ батасын ала кетіп, шапқыншы жаудың артынан жалғыз аттанады, сөйтіп басқыншыларды жеңіп, әкесі Даңның қолды болып кеткен малдарын түгелімен иесіне кері қайтарған екен делінеді. Тай ата аталған жорыққа шығар алдында жаугершілікте сәл бұрын қайтыс болған туған ағасы батыр Райдың пайдаланып жүрген дулығасы мен қол шоқпарын қоса сұраттырып алған екен деседі. Бұл әңгімені Адайға белгілі тақ-тақ шешен қара Нұрнияздың өз аузынан естіп едім деп кейінге жеткізуші адам ол жыңғылдылық Байбақ Әбділләұлы марқұм болатын. Тай атаның әйелі Қожағұл Жеменейдің қызы болса, нағашысы Құнанорыстан екен. Бұл айтқан сол атамыздан үш бала өрбіген: Андақылыш, Қалдықылыш, Айтуған. Айтуғаннан Артықбай, Артығалы. Жыршы атам ғұмырында 97 жыл жас жасаған, аймағымызға белгілі ақын, жыршы-жырау болып еліне танылған ерен тұлға. Айтекеңнің есімі Астана қаласындағы Орталық алаңында мәрмәрлі тасқа былтыр жазылғандығын білеміз. «Аулыңнан жақсы шықса, көңілің тоқ» деп айтып кеткен кісі де осы ата. Академик Ахмет Жұбанов: «Өнер мен үлгі-өнеге жөнінен Қазақстанды кең жазира десек, Маңғыстау - оның оазисі, ал Жыңғылды - соның нақ ортасындағы гүлбағы дерсің» – деп кеткен екен. Ел аузындағы: «Күйкеннің тұмсығынан таң самалында отырып тартқан Тай сыбызғысының даусын Қарнаудағы ел естіген», «Маната ернеуінен Тайдың таңда салған сыбызғысының әуенінен Қараойдағы бүкіл Адай оянатын...» – дегендей әңгімелердің түпкі төркіні Тай бабамыздың ерекше өнер иесі болғанын айғақтайды. Осы ретте айта кетуіміз керек, туған халқымызда өнердің басқа салаларымен бірге, сыбызғы күйлері де кең түрде таралынған. Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваторияның профессоры Білəл Ысқақовтың деректері бойынша бүгіндегі музыка қорымызда отыз шақты сыбызғы күйі бар. Сыбызғы күйлерінің неғұрлым көбірек тарап, сақталынған жерлері – Қытай, Моңғолия қазақтарының арасы. Жақында олардан 150 сыбызғы күйін жазып әкеліпті. Батырлар жырлары мен көне қисса-дастандарда да сыбызғышылар кездеседі. Осы деректер сыбызғы күйлері байтақ қазақ даласының барлық жерінде дамығанын көрсетеді. Ал Тай ата - осынау сыбызғышылардың халық аузындағы бірегей өкілі. Ғалым Қабиболла Сыдиықов 1997 жылы шыққан «Маңғыстау» энциклопедиясында Тай атамыздың сыбызғышы ғана емес, қобызшы да болғанын және соңында әндері де қалғанын атап өтеді.

2025 жылғы Отыншы Көшбаевтың авторлығымен шығарылған «Жыңғылды ауылының энциклопедиясында» ауылдан шыққан өнерпаздардың қатарында: «атақты Тай сыбызғышы» деп тоқталып өтіледі. Ал, 2012 жылы Айтуған Тайұлы жөнінде «Нұрлы Әлем» баспасынан «Айтулы ата Айтуған» деген кітабымды жазып жарыққа шығарған едім. Соңғы кезде Тай атаның әкесі Даң Тоқсанбайұлы жайлы (өзімнің арғы алтыншы бабам) көлемді шығарма жазумен шұғылданып жүрмін. Ол баба заманында ел-жұртына кеңінен танылған азамат, сөзге шешен, әрі күйші өнерпаз ретінде белгілі адам болыпты. Өмірінің соңы елші болып Адайлар ақсақалдары атынан Хиуа ханының сонда шақыруымен барған соңғы сапарында қастандықтың құрбанына айналған екен дейді, сүйегі сол бетте қалып қойыпты. Бұл хабарды елге жеткізген Даң атаның қасына еріп бірге кеткен өз баласы Малкелді болған сияқты. Қазір екі елдің арасындағы шекара жабық болғандықтан аталған түркмендердің жеріне өту мәселесі шешілместен келеді. Даң бабадан тарайтын он екі ұрпақтың аты-жөндері төмендегідей: Бәйбішесінен Бәйсеу, Барақ, Рай, Дөнен, Құнан, Тай, Құлынбай, Мал- келді және тоқалынан Түменбай, Томалақ, Жабағы, Жаббас. Өсіп-өніп, бүгіндері әлденеше мың отауға саны жеткен Даң бабаның ұрпақтарының арасында батыр да, бай да, әулие де, өнер иесі де табылады. Бұдан басқа Даң атамыз заманында өте күйлі адам болған екен, бірақ та жасы ұлғайған шағында мал басы зор шығынға ұшырапты делінеді кейінгі ұрпақтарына жеткен әңгімелерде. Соның өзінде ата қазасы жеткен тұста кілең бір түс көкаладан оның қостарында үш мыңдай жылқысы жайылып жүрген деп есептеліпті. Айтуған ата да заманында сыбызғышы болған екен.

Тай мен баласы Айтуған аталардың бейіттері Жыңғылдының жанындағы Сарытөбе қауымдығына жерленген. Қорыта келгенде, аты-жөнімен кезінде бүткіл Адай жұртына танылған өнер иесі Тай ата Даңұлының есімін, кім болғанын қалың көпшіліктің назарына берер кезең туындаған секілді, қадірлі ағайын!

Сейтжан ИСАБЕРГЕН,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ

ЖАСЫЛ ЗЕРТХАНАДАҒЫ ІЗДЕНІС

ҰСТАЗДЫҚ – ҰЛЫ МІНДЕТ. АЛ ШӘКІРТ БОЙЫНДАҒЫ БІЛІМГЕ ҚҰШТАРЛЫҚТЫ ОЯТЫП, ҒЫЛЫМҒА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ – НАҒЫЗ ҰСТАЗҒА ТӘН ҚАСИЕТ. САНАЛЫ ҒҰМЫРЫН ЖАС ҰРПАҚТЫҢ ТӘРБИЕСІ МЕН БІЛІМІНЕ АРНАҒАН АРДАГЕР ПЕДАГОГТЕРДІҢ ӨНЕГЕЛІ ӨМІР ЖОЛЫ КЕЙІНГІ БУЫН ҮШІН ӘРДАЙЫМ ҮЛГІ.



Осындай еңбегімен ерекшеленетін жандардың бірі – Өтес мектебінің ардагер ұстазы, ұзақ жылдар бойы биология пәнінен сабақ берген Едіге Сәтінұлы. Бүгінде зейнеткерлік демалыста болғанымен, сүйікті саласынан қол үзбей, табиғатпен етене байланысын жалғастырып келеді. Ол жылыжай шаруашылығын дамытып, жылдар бойы жинақтаған білімі мен тәжірибесін іс жүзінде жүзеге асырып отыр.

Жылыжай – алуан түрлі өсімдіктер жайқалып өсетін ерекше жасыл әлем. Мұнда лимон, банан, тәтті бұрыш және өзге де өсімдіктер бапталады. Әсіресе, жергілікті климат жағдайында лимон мен банан өсіру ерекше қызығушылық тудырады. Әдетте жылы аймақтарда өсетін бұл дақылдарды арнайы ортада жерсіндіру мол білімді, төзімділік пен тұрақты күтімді қажет етеді.

Әр өсімдіктің өзіндік өсу ерекшелігі бар. Бірі жылуды көбірек қажет етсе, енді бірі жарық пен ылғалға тәуелді. Осы талаптарды ескере отырып, жылыжайдағы өсімдіктердің қалыпты өсіп-жетілуіне қолайлы жағдай жасалған. Жасыл жапырақ жайған лимон ағаштары, кең жапырақты банан өсімдіктері мен тәтті бұрыштың жайқалып өсуі – үздіксіз еңбектің нәтижесі.

Мұндай жылыжайдың маңызы тек өнім өсірумен шектелмейді. Ол – табиғат құбылыстарын бақылауға, өсімдіктердің даму ерекшеліктерін зерттеуге мүмкіндік беретін тәжірибе алаңы. Тұқымның өнуінен бастап, өсімдіктің гүлдеуі мен жеміс беруіне дейінгі әр кезең оқушылар үшін биология пәнін тереңірек түсінуге жол ашады. Мұнда температураның, жарық пен ылғалдың өсімдік дамуына әсерін тәжірибе жүзінде бақылауға болады.

Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, Өтес мектебінің 6 «А» сынып оқушысы Жаннұр Бимырза ғылыми-зерттеу жұмысына кірісті. Ғылыми жетекшілігіммен жас зерттеуші барқыт гүлінің өсу ерекшеліктері мен оның көз саулығына ықпалын зерттеуді қолға алды. Алғашқы кезеңде гүл көшеттерін отырғызып, олардың өсуі мен дамуын бақылау жұмыстары басталды.

Зерттеу барысында оқушы гүлдің күтім ерекшеліктерін, өсуіне қажетті жағдайларды және даму кезеңдерін тәжірибе арқылы зерделейді. Бұл жұмыс жас зерттеушінің табиғатқа деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, өз бетінше ізденуіне, бақылау жүргізуіне және ғылыми тұжырым жасауына мүмкіндік береді.

Осындай бастамалар оқушылардың теориялық білімін тәжірибемен ұштастыруға ықпал етеді. Әсіресе, мектеп қабырғасында ғылыми жобаларға қызығушылық танытқан балалар үшін тірі өсімдіктермен жұмыс істеудің тәрбиелік әрі танымдық мәні зор. Табиғатты бақылау арқылы оқушы қоршаған ортаға жанашырлықпен қарауды, әрбір тіршілік иесіне қамқор болуды үйренеді.

Сәтінұлы Едігенің жылыжайдағы еңбегі – биология ғылымына деген адалдық пен табиғатқа деген сүйіспеншіліктің көрінісі. Ұзақ жылдық ұстаздық тәжірибесін бүгінгі күні де пайдалы іске арнап, жас ұрпақтың ізденісіне жол ашып отырғаны қуантады.

Жылыжай – жай ғана өсімдік өсіретін орын емес. Ол – білім мен тәжірибе, ғылым мен еңбек тоғысқан жасыл зертхана. Мұнда бапталған әрбір өсімдік пен басталған әрбір зерттеу жұмысы өскелең ұрпақтың табиғатты тануына, ғылымға қадам басуына септігін тигізеді. Білім дәнін еккен ұстаз бен сол білімді тәжірибеде жалғастырған шәкірт еңбегінің үндестігі де осында.

Мөлдір АМАНГЕЛДИЕВА,
«Өтес жалпы білім беретін мектептің директорының бейін ісі жөнінде орынбасары.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Тепке» ЖШС жобалар бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды: НДВ «рұқсат етілген шығарындылар нормативтері» жобасы; «Стационарлық шығарындылар көздерін түгендеу» жобасы, «Қалдықтарды басқару бағдарламасы», «Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы», «Табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары».

Учаскенің географиялық координаттары және әсер ету аумағының географиялық координаттары: 45°08’52”, 54°47’26”.

Әсер ету аймағы: Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Сайотес а.

Тыңдаулар 2026 жыл 10 желтоқсан сағат 14:30-да өтеді.

Өткізу орны: Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, с. Сайотес, Мәдениет үйі

Платформа ZOOM: https://us06web.zoom.us/j/88429649927?pwd=wYqOydixUgzbMS6rgxikqbQA4qNXAH.1

Конференция идентификаторы: 884 2964 9927

Кіру коды: 287390

Тұтынушы: «Тепке» ЖШС, Ақтау қаласы, 12-ш/а, 79/1 ғимарат, 203-кеңсе. тел: 8-702-400-40-10. БСН 071140024759

Жобаны әзірлеуші: «Рекорд Консалт» ЖШС, Ақтөбе қ. Маресева, 38. бөл.7, тел: 87767120270. БСН 100740003476

Құжаттама https://ndbecology.gov.kz порталында және https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/ интернет-ресурста

Материалдарды сұратуға болатын электрондық пошта мекен-жайы және телефон нөмірі: too_record_konsalt@mail.ru, 87014848005

Ескертулер мен ұсыныстар https://ndbecology.gov.kz, және электр. ЖАО мекенжайы s.bazarbay@mangystau.gov.kz сайтында қабылданады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Тепке» сообщает о проведении общественных слушаний по проектам: Проект «Нормативов допустимых выбросов» НДВ; Проект «Инвентаризации стационарных источников выбросов», «Программа управления отходами», «Программа производственного экологического контроля», «План природоохранных мероприятий».

Географические координаты участка и географические координаты территории воздействия: 45°08’52”, 54°47’26”.

Область воздействия: Мангистауская область, Мангистауский р-н, с. Сайотес

Слушания состоятся: 10 декабря 2026 года в 14:30 часов

Место проведения: Мангистауская область, Мангистауский р-н, с. Сайотес, дом культуры

Платформа ZOOM:
https://us06web.zoom.us/j/88429649927?pwd=wYqOydixUgzbMS6rgxikqbQA4qNXAH.1

Идентификатор конференции: 884 2964 9927

Код доступа: 287390

Заказчик: ТОО «Тепке», г. Актау, мкр. 12, зд. 79/1, офис 203. Тел. 8-702-400-40-10. БИН 071140024759.

Разработчик: ТОО «Рекорд Консалт», Ақтөбе қ. Маресева, 38, бөл.7, тел: 87767120270 БИН 100740003476

Документация размещена на портале https://ndbecology.gov.kz, и интернет-ресурсе https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/

Адрес электронной почты по которой можно запросить материалы: too_ record_konsalt@mail.ru, 87014848005.

Замечания и предложения принимаются на https://ndbecology.gov.kz, и электр. адрес МИО s.bazarbay@mangystau.gov.kz

№483

ӨНЕР ӨРІСІ

АҚШЫМЫРАУЛЫҚ ӨНЕРПАЗДАР

АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ МӘДЕНИ ӨМІРІНІҢ МАЗМҰНДЫ БОЛУЫ ҮШІН АУЫЛДЫҚ МӘДЕНИЕТ ҮЙІНІҢ ОРНЫ ЕРЕКШЕ. МҰНДА ТҮРЛІ МЕРЕКЕЛІК ШАРАЛАР, КОНЦЕРТТЕР МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕЗДЕСУЛЕР ҰЙЫМДАСТЫРЫЛЫП, ӨНЕРПАЗДАР ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ӨНЕРГЕ ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ МАҚСАТЫНДА БІРҚАТАР ЖҰМЫСТАР ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУДА. ОЛАРДЫҢ ҚАТАРЫНДА «ҮЛГІЛІ», «НАЗ» БИ АНСАМБЛІ, «ТАҒА» ДРАМА ТЕАТРЫ, «АҚЖАРҚЫН» АНАЛАР АНСАМБЛІ, «САЛТАНАТ» ВОКАЛДЫ АНСАМБЛІ ЖӘНЕ «САЗ-ТОЛҚЫН» ЖЫР-ТЕРМЕ АНСАМБЛІ БАР. ӘР ҰЖЫМ ӨЗ БАҒЫТЫ БОЙЫНША ДАЙЫНДЫҚ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗІП, АУЫЛДАҒЫ МӘДЕНИ ШАРАЛАРҒА БЕЛСЕНДІ ҚАТЫСАДЫ.





Мәдениет үйінің жанындағы өнер ұжымдарының жетістіктері де аз емес. Соның бірі Гүлбақыт Сәдуақасова жетекшілік ететін «Үлгілі», «Наз» би ансамблі. Жас бишілер түрлі байқауларға қатысып, өз өнерлерін шыңдап жуырда халықаралық «Нұрай ART Fest» көпжанрлы байқауда гран-при жүлдесін иеленуі – соның бір дәлелі. Сонымен қатар ұжымның республикалық «Жас толқын» жобасына аудан атынан ұсынылуы да үлкен жетістік.

Жуырда ауылдық мәдениет үйінде «Сахнада – сырлы өнер» атты үйірмелер мен ансамбльдердің есептік концерті өтті. Концерт барысында өнерпаздар ән айтып, би билеп, сахналық қойылымдар көрсетті. Көрермендер ауыл өнерпаздарының өнерін тамашалап, жақсы көңіл күймен тарқасты.

Ауылдық мәдениет үйінің жұмысы тек концерт өткізумен шектелмейді. Мұнда балалар мен жастардың өнерге қызығушылығын дамытуға, олардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға да көңіл бөлінеді. Шығармашылық ұжымдардың тұрақты жұмысы ауыл тұрғындарының мәдени шараларға қатысуына мүмкіндік береді.

Өнер ұжымдарының дамуына жетекшілердің еңбегімен қатар, өнерпаздардың талпынысы мен ата-аналардың қолдауы да маңызды. Осындай бірлескен жұмыстың нәтижесінде ауылдың мәдени өмірі жандanып, жаңа таланттардың танылуына жол ашылады.

Ақшымырау ауылдық мәдениет үйінің өнерпаздары алдағы уақытта да түрлі мәдени шараларға қатысып, ауыл тұрғындарына өнер көрсетуді жалғастыра бермек.

Ұлдана ШАЛҒЫНҚЫЗЫ,
клуб меңгерушісі,
Ақшымырау ауылы.

ЖАҢА БАҒЫТ, ЖАҢА ФОРМАТ



САЙӨТЕС АУЫЛДЫҚ КІТАПХАНАСЫНДА АУДАНДЫҚ ОРТАЛЫҚ КІТАПХАНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ҚАТЫСУЫМЕН «ЖАҢА БАҒЫТ, ЖАҢА ФОРМАТ» АТТЫ АУДАНДЫҚ СЕМИНАР ӨТТІ.

Кездесудің негізгі мақсаты - кітапхана жұмысын жетілдіру, оқырмандарға қызмет көрсетудің жаңа тәсілдерін талқылау және кітапханашылар арасында тәжірибе алмасу. Жиын барысында жыл басынан бері атқарылған жұмыстар қорытындыланып, кітапхана саласындағы жетістіктер сөз болды. Сондай-ақ кәсіби еңбегімен ерекшеленген қызметкерлерге құрмет көрсетілді.

Ауыл кітапханалары өздерінің жұмыс бағыттары мен қолға алған жобаларын таныстырды. Атап айтқанда, Шайыр ауылдық кітапханасы «Ауыл кітапханасы – ел дамуының жаршысы», Тұщыбек ауылдық кітапханасы «Кітапхана – білім мен шығармашылық орталығы» тақырыптарында тәжірибелерімен бөлісті. Ұштаған ауылдық кітапханасы «Бір ауыл – бір кітап» тақырыбындағы «Жан азығы» жобасын таныстырса, Сайөтес ауылдық кітапханасы дәстүрлі қызмет пен жаңа мүмкіндіктерді ұштастыру бағытындағы жұмыстарын ортаға салды.

Сонымен қатар «Кітап оқитын ұлт» республикалық марафонына қатысу, тұрғындар арасында кітап оқу мәдениетін қалыптастыру мәселелері де талқыланды. Қатысушылар өзара пікір алмасып, алдағы уақытта атқарылатын жұмыстар жөнінде ұсыныстар айтты. Мұндай кездесулер кітапхана қызметкерлеріне бір бірінің жұмысымен танысып, тиімді тәжірибелерді үйренуге мүмкіндік береді. Бүгінде кітапхананың міндеті тек кітап берумен шектелмейді. Оқырманның сұранысына сай түрлі жобалар ұйымдастыру, жастардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру және жаңа қызмет түрлерін енгізу де маңызды бағыттардың бірі болып отыр.

Бас қосу барысында айтылған ұсыныстар мен таныстырылған тәжірибелер алдағы жұмысқа негіз болмақ. Кітапхана қызметкерлері оқырманға сапалы қызмет көрсетіп, кітап оқу мәдениетін дамыту бағытындағы жұмыстарын жалғастыра бермек.

Гүлфайруз ШАЛАБАЕВА,
аудандық орталық кітапхананың әдіскері.

ЖУЫРДА БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДА ӨТКЕН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӨНЕР ФЕСТИВАЛЬ-БАЙҚАУЫНДА ҚЫЗАН АУЫЛДЫҚ МӘДЕНИЕТ ҮЙІНІҢ «ЖАС ШЕБЕРЛЕР» ҚОЛӨНЕР СТУДИЯСЫНЫҢ МҮШЕСІ БАҚЗАДА ҚҰЛЫБЕК ЖОҒАРЫ НӘТИЖЕ КӨРСЕТТІ. ҚОЛӨНЕР ЖАНРЫ БОЙЫНША БАЙҚАУҒА ҚАТЫСҚАН ЖАС ШЕБЕР «ЖЕТІ ҚАЗЫНА – АСЫЛ МҰРА» АТТЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫСЫМЕН ГРАН-ПРИ ЖҮЛДЕСІН ИЕЛЕНДІ.





ЖАС ШЕБЕРДІҢ ЖАРҚЫН ЖЕҢІСІ

Қазақтың ұлттық қолөнері халқымыздың тарихы мен мәдениетін танытатын өнер түрлерінің бірі. Бүгінде осы өнерді меңгеріп, ата-бабадан жеткен мұраны дәріптеп жүрген жастардың жетістігі көңіл қуантады. Бақзаданың туындысы ұлттық құндылықтарды дәріптеп, қазақ халқының мәдени мұрасына деген құрметін көрсетеді. Бұл жетістік жас өнерпаздың шығармашылық ізденісі мен қолөнерге деген қызығушылығының нәтижесі.

Шәкіртінің өнерін шыңдап, шығармашылық жолына бағыт-бағдар беріп жүрген жетекшісі Мағрипа Қимағанбеттің еңбегін де атап өткен жөн. Жас шебердің байқауда үздік атануы ұстаз бен шәкірттің бірлескен жұмысының жемісі. Республикалық байқауда гран-при иеленген Бақзада Баку қаласына жолдама жеңіп алды. Бұл жас өнерпаз үшін үлкен мүмкіндік. Алдағы уақытта халықаралық деңгейде өнер көрсетіп, өз шығармашылығын танытуға жол ашылады.

Қызан ауылдық мәдениет үйінде балалардың шығармашылық қабілетін дамытуға, олардың өнерге деген қызығушылығын арттыруға бағытталған жұмыстар жүргізіліп келеді. «Жас шеберлер» қолөнер студиясы да осы бағыттағы жұмыстардың бірі. Студия мүшелерінің жетістігі ауылдағы өнерге құштар жастарға үлгі болары сөзсіз.

Ұлттық қолөнерді үйреніп, оны дамытуға үлес қосып жүрген жас таланттардың болуы – қуанышты жағдай. Бақзаданың бұл жетістігі алдағы уақытта да жаңа шығармашылық белестерге жетуіне жол ашсын. Баку қаласында да бағы жанып, қазақтың ұлттық өнерін лайықты таныта беруіне тілектеспіз!

Мадина ЕСЕНТЕМІРОВА,
Қызан ауылдық мәдениет үйінің әдіскері.

ӨРНЕК ПЕН ӘУЕН ҮНДЕСКЕН КЕШ



ОНДЫ АУЫЛДЫҚ МӘДЕНИЕТ ҮЙІНДЕ «ӨРНЕК ПЕН ӘУЕН ҮНДЕСКЕН» АТТЫ «АҚКИМЕШЕК» ӘЖЕЛЕР АНСАМБЛІ МЕН «САФ-МҰРА» ҚОЛӨНЕР СТУДИЯСЫНЫҢ БІРІККЕН ЕСЕПТІК КЕШІ ӨТТІ. ШАРАҒА АУЫЛДЫҢ ҚОЛӨНЕР ШЕБЕРЛЕРІ, ӘЖЕЛЕР, АНАЛАР МЕН КЕЛІНДЕР ҚАТЫСЫП, ҰЛТТЫҚ ӨНЕР МЕН ДӘСТҮРГЕ АРНАЛҒАН КЕШТІ ТАМАШАЛАДЫ.

Кештің мақсаты - ұлттық қолөнер мен дәстүрлі ән-күйді насихаттау, әжелер мен аналардың өнегесін көрсету, жас ұрпақтың ұлттық өнерге қызығушылығын арттыру. Сахнаға «Аққимешек» әжелер ансамблі шығып, «Дедім-ай-ау», «Гүлдерайым» секілді халық әндерін орындады. Әжелердің орындауындағы әндер көрерменнің ықыласына бөленді. Кештің келесі бөлімінде «Саф-мұра» қолөнер студиясының жетекшісі Қабиболла Мадина көрмеге қойылған бұйымдарды таныстырды. Ол қолөнер туындыларының жасалу жолдары мен ерекшеліктеріне тоқталып, ұлттық ою-өрнектердің мағынасын түсіндірді. Көрмедегі кесте тоқымашылық және басқа да қолөнер түрлерінен жасалған бұйымдар көздің жауын алады.

Ұлттық музыка өнері де назардан тыс қалған жоқ. Өнерлі жас Айназым Бердібек домбырамен «Ақерке» халық әнін орындаса, «Самғау» домбырашылар ансамблінің жетекшісі Нұрсұлу Мақсымова қазақ күйлерін тартты. Сонымен қатар ауылдың өнерлі келіні Марал Жаулыбаева өзі тоқыған оюлы бауларын таныстырып, қолөнердегі шеберлігін көрсетті. Қатысушыларға арналған «Сыр сандық», «Ою ою» атты танымдық ойындар да кештің мазмұнын толықтырды. Ойын барысында ауыл тұрғындары ұлттық салт-дәстүр мен қолөнерге қатысты сұрақтарға жауап беріп, өзара сайысқа түсті. Жеңімпаздар мен белсенді қатысушыларға кәдесыйлар табысталды.

Сондай-ақ қолөнер үйірмелеріне қатысып жүрген азаматтардың еңбектері еленді. Кесте тігу, тоқыма тоқу және сурет салу бағытында жұмыстарын ұсынған үйірме мүшелеріне алғыс хаттар мен сыйлықтар берілді.

Шара барысында мәдениет үйінің қызметкерлері де ән орындап, кеш қонақтарына көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Кеш соңында мәдениет үйінің меңгерушісі Құндыз Бердібекова ұйымдастырушылар атынан қорытынды сөз сөйлеп, ұлттық өнерді дамытуға үлес қосып жүрген жетекшілер Айман Кетеева мен Мадина Қабидоллаға Алғыс хат табыстады.

Кешті ауылдың ақ жаулықты әжесі ақ батасымен аяқтады. Жиналған қауымға амандық, берекебірлік тілеп, кейінгі ұрпақтың ұлттық дәстүрді жалғастыруына ниет білдірді.

«Өрнек пен әуен үндескен» кеші ауыл тұрғындарын ән мен күйге, қолөнер мен ұлттық дәстүрге ортақтастырды. Осындай шаралар арқылы ауылдағы өнерпаздардың еңбегі таныстырылып, ұлттық мұраны кейінгі ұрпаққа жеткізуге мүмкіндік жасалады.

М.ЖЕБЕҚЫЗЫ.

МЕНШІК ИЕСІ:
МАҢҒЫСТАУ MEDIA ЖШС
Директор – Әнуарбек БИМАҒАМБЕТ
Қабылдау бөлімі,
тел./факс: 20-48-34,
mangystau.media@mail.ru

ЖАҢА ӨМІР
аудандық қоғамдық-саяси газет
Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 6.02.2013 ж. есепке қойылып, №13356-Г куәлігі берілген.
Редактор – Айгүл РАХМЕТОВА
Тілшілер – Е.ЖҰМАҒҰЛОВА
М.ЖЕБЕҚЫЗЫ

Газет «Маңғыстау-Медиа» ЖШС Ақпарат және дизайн орталығында беттелді.
Үйлестіруші – Гүлнара ТАСБОЛАТОВА
Беттеуші дизайнер: Эльмира СЕЙДАХМЕТОВА.

«ӨНЕРІМ» ЖШС баспаханасында басылды.
Ақтау қаласы, 22-шағын аудан, 38/3.
Телефон: +7 777 012 22 38.

- Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді.
- Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Жарнама, хабарландырулар мазмұнына редакция жауап бермейді.
- Редакцияға жолданған материалдарға рецензия жасалмайды және қолжазба авторға қайтарылмайды.
- Тақырыптық суреттер ғаламтордан алынады.

Тапсырыс нөмірі: 293
Таралымы: 325
Индекс: 65612
Газеттің бағасы келісімді

АУА РАЙЫ БОЛЖАМЫ

5 қараша
түнде: +8 | күндіз:+20

6 қараша
түнде: +3 | күндіз:+7

7 қараша
түнде: +3 | күндіз:+7

8 қараша
түнде: +2 | күндіз:+6

9 қараша
түнде: +1 | күндіз:+6